тұтыну орамаларындағы кондитерлік өнімдер мен тәттілерді (шоколад, кәмпит, печенье) ;
морстерді, квастарды;
фритюрде қуырылған бұйымдарды;
пісірілген жұмыртқа, уызлықты-жұмыртқа;
күрделі (төрт компоненттен астам) салаттар; қаймақ пен майонез қосылған салаттарды;
коксорпаларды;
саңырауқұлақтарды;
өнеркәсіптік емес (үйде) дайындалған тамақ өнімдерді;
тез дайындалатын құрғақ тағамдық концентраттар негізіндегі бірінші және екінші курстар;
газдалған, емдік және емдік-асханалық минералды суларды, тәтті алкогольсіз сусындарды, алкогольсіз энергетикалық (сергітетін) сусындарды, диффузиялық қойылтылған шырындарды (оралған минералды және ауыз суларды қоспағанда);
фаст-фудтар: гамбургерлер, хот-догтар, чипстер, кепкен нандарды, бөлжауларды;
ащы тұздықтар, кетчуптар, күйдіргіш дәмдеуіштер (бұрыш, желкек, қышы) дайындау және сатуды;
2) термиялық өңдеусіз пастерленбеген сүтті, сүзбе және қаймағын;
суда жүзетін құстардың жұмыртқалары мен етін;
ауыл шаруашылығы жануарларының аурулары бойынша қолайсыз шаруашылықтардан алынған сүт және сүт өнімдері;
тілін, жүрегін қоспағанда, өнімді жануарлар мен құстардың субөнімдерін;
өнімді мал еті мен құс етін механикалық жолмен сүйектен айырған;
құс етінен жасалған құрамында коллаген бар шикізатын;
қайта мұздатуға ұшыраған өнімді жануарлар мен құстардың сою өнімдерін;
генетикалық түрлендірілген шикізат және (немесе) құрамында генетикалық түрлендірілген көздер бар шикізаттарын;
йодталмаған тұз және құрамында темір бар дәрумендермен, минералдармен байытылмаған (сұрыпталмаған) жоғары және бірінші сортты бидай ұнын пайдалану.
Білім беру объектілерінде тамақ өнімдерін өткізетін автоматтарды орнатуға жол берілмейді.
Жаппай сауықтыру рәсімі ретінде оттегі коктейльдерін өткізуге жол берілмейді.

**5-бап**

1.Объектіде нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес өндірістік бақылау ұйымдастырылады және жүргізіледі.

**6-бап**

1. Білім беру объектілерінде медициналық қызмет көрсету қамтамасыз етіледі.